

国際学術会議 第10回

文明のクロスロード

— 言語・文化・社会の諸相 —

10-ны өркөннөг жолы халыкараанык

ҒЫЛЫМИ ЖИНАЛЫС:

ТҮЛ МӘДЕНИЕТ, ҚОҒАМ АСПЕКТТЕРІ

日時：2013年3月15日・16日

会場：カザフ国立大学（カザフスタン共和国アルマティ市）

主催：筑波大学、カザフ国立大学、筑波大学中央アジア事務所

10th International Conference on the

Crossroad of Civilizations:

40

筑波大学40周年記念
40th anniversary of Tsukuba University

**“Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан: ұштұғырлы тіл жобасы”:
Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан
мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауынан**

Элеонора Ибраимова

(әл-Фараби ат. ҚазҰУ, халықаралық қатынастар факультеті)

Гүлмира Жанұзақова

(әл-Фараби ат. ҚазҰУ, халықаралық қатынастар факультеті)

1. Кіріспе

Қоғамның әрбір мүшесі тілді өз хал-кадерінше меңгеретіні белгілі. Мектеп қабырғасында жүргізілетін сабақтар тақырыбының ортақтығына, материал көлемінің бірдей екендігіне қарамастан, әр оқушының тілді білу, меңгеру және қолдану деңгейі әртүрлі болатыны да мәлім жайт. Осыдан келіп жоғары немесе арнаулы оқу орындарына қабылданған шәкірттерге тілді деңгейлеп оқыту қажеттілігі туындайды. Мұнда мектеп қабырғасында алынған базалық білім қоры жоғары оқу орнына түскенде жаңалық ретінде ұсынылмай, талапкердің жаңа басқышқа көтерілуіне негіз болады. Бұл тұста материалдың сонылығы, тақырыптың жаңалығы тіл үйренушінің қызығушылығын оятып, ынтасын арттырады. Бұл оқытудың мотивациялық жағы екендігі белгілі. Ал ынта бар жерде қай істе де нәтижеге қол жеткізілетіні аян.[3] Сонымен Қазақстан Республикасында тіл саясаты шеңберінде қолға алынған «ұштұғырлы тіл» ұлттық жобасы бүгінде білім беру саласында айрықша маңызға ие болып отыр. Себебі бүгінгі студент ертеңгі сала қызметкері болғандықтан, оның күнделікті кәсіби қызметінде мемлекеттік тілдің алар орны ерекше болмақ. Әсіресе, мемлекеттік басқару органдарында, заң, сот ісі, іс жүргізу, мәдениет, саясат және халықаралық қатынастар салалары үшін үш тілді жетік меңгерген мамандар ауадай қажет. «Ұштұғырлы тіл» туралы идеяны мемлекет басшысы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында жария етті. Ал 2007 жылғы “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты халыққа жолдауында “Тілдердің ұштұғырлылығы” атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды.[1] Қазақстан халқының рухани дамуымен қатар, бұл идея ішкі саясатымыздың жеке бағыты болып белгіленді. Яғни, идеяның негізі мынадай: Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлт-аралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Басқаша айтқанда, ұштұғырлы тіл идеясын мынадай әрі қарапайым, әрі түсінікті формуламен көрсетуге болады: мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз. Айта кетелік, ұштұғырлы тіл жай ғана әдемі тұжырымдама немесе

тілдік саясаттың жаңа формасы ретінде пайда болған жоқ, ол – өмірлік қажеттіліктен туындаған игілікті идея. Өйткені, қазіргі кезде күллі әлемге есігін айқара ашып, “ақылды” экономиканы енгізіп жатқан елдер қарыштап дамуда. Қай заманда болсын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырған. Яғни, бүгінгі таңда ТМД мен Орталық Азияның көшбасшы мемлекетіне айналған Қазақстан үшін үштұғырлы тіл – елдің бәсекеге қабілеттілікке ұмтылуда бірінші баспалдағы. Өйткені, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады. Атап айтарлығы, көпұлтты Қазақстанның жағдайында “Үштұғырлы тіл” ұлттық жобасы қоғамдық келісімді нығайтудың негізгі факторы болып саналады.

2. Әдістеме

Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті сессиясында сөйлеген сөзінде: «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы болып табылатын қазақ тілінің одан әрі дамуы үшін барлық күш- жігерімізді салуымыз керек. Сонымен бірге елімізде тұратын барлық халықтардың өкілдері ана тілінде еркін сөйлей, оқи алуына, оны дамытуға қолайлы жағдай тудыру қажет», - деп тіл дамыту мәселесінің маңызын аша отырып, Үкіметке арнайы бағдарлама жасау жөнінде тапсырма берген еді.

2.1 Қазақстан Республикасындағы тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Осы тапсырманы орындау мақсатында былтырғы жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі мен тіл комитеті дайындаған Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы 2011 жылғы 29 маусымда ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасындағы тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» жүзеге асыру туралы № 110 Жарлығы шығып, осы бағдарламаны іске асыру мақсатында ҚР Үкіметінің «Қазақстан Республикасындағы тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2011-2013 жылдарға арналған іс- шаралар жоспарын бекіту туралы» 2011 жылғы 29 шілдедегі № 878 қаулысы шыққан. Қазіргі таңда негізгі тіл саясаты осы бағдарлама аясында жүргізілуде.[4]

2.2 әл-Фараби ат. ҚазҰУ-дың «Жас лингвисттер» клубы

Осыған орай жалпы тіл білімі және шетел филологиясы кафедрасының оқытушылары студенттер лингвистика ғылымы аясында болып жатқан әртүрлі инновациялар, жаңа бағыттар, тың идеялар, тұжырымдамалар жайлы ақпараттардан қалыс қалмай, өз ойымен

бөлісе алатын білімді жастардың бас қосатын мекені болсын деген ниетпен ашқан «Жас лингвистер» клубы 2011 жылдың сәуір айында құрылды. Клубқа филология факультетінің «лингвистика», «қазақ тілі мен әдебиеті», «қазақ филологиясы», «орыс тілі мен әдебиеті», «орыс филологиясы», «шетел филологиясы», «екі шет тілі», «аударма ісі» мамандықтары бойынша оқитын, лингвистика ғылымына қызығушылық танытқан кез келген студент пен магистрант мүше бола алады. «Жас лингвистер» клубының мақсаты студенттердің лингвистика ғылымына деген қызығушылықтарын оята отырып, аталмыш ғылым саласы бойынша терең әрі жан-жақты білімін қалыптастыру, болашақ білікті лингвист мамандар дайындауға өз үлесін қосу болып табылады. Клубтың бағдарламасына сәйкес студенттер тек ғылыми бағытта жұмыс жасап қана қоймай, әртүрлі іс-шаралар ұйымдастыруға қатыса алады. Клуб мүшелері әртүрлі республикалық және шетелдік ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарларға белсене қатысады. Клуб ҚазҰУ-дың тәрбие жұмысы жөніндегі департаментімен, Алматы қаласы әкімдігінің Тіл комитетімен, Қазақстандық «КАЗПРЯЛ» және Халықаралық «МАПРЯЛ» ассоциацияларымен тығыз байланыс орнатқан. «Жас лингвистер» – клубы студенттерді тіл білімі әлеміне енуге жақындата түсетін бірден-бір мүмкіндік. «Жас лингвистер» клубы ғылымға адастырмай апаратын даңғыл жол болатындығына нық сенімдіміз!

3. Дискуссия

Еліміздегі негізгі үн тілді дамытуға басымдық беру – басқа халықтардың тілдерін назардан тыс қалдыру деген сөз емес. Мәдениеттер мен тілдердің саналуандығы – бұл біздің ұлттық байлығымыз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ, мемлекет Қазақстандағы халықтардың барлығының мүдделерін ескере отырып, посткеңестік кеңістікте ең либералдық тілдік саясат жүргізді. Соның дәлелі болар, кез-келген этностың өкілі қай тілде білім алатынын, сөйлейтінін, шығарма жазатынын ерікті түрде тандай алады. Біздің қоғамда барлық этностардың мәдениеті мен тілін дамытудың бірегей формуласы жасалып отыр. Біздің жетістігіміз – басқа этностардың құқықтарына ешқандай да қысым жоқ. Сонымен қоса, біз тағы бір аса маңызды мәселе – мемлекеттік тілді барша қазақстандықтардың меңгеруіне толық жағдай туғызып отырмыз. Өйткені, бұл халықаралық тәжірибеде бар үрдіс.

Қарап отырсақ, қазіргі кезде мемлекеттік тілді оқып-үйренуге барлық жағынан жағдай жасалған. Тіпті, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың бәрінде курстар ашылып, ғылыми-әдістемелік материалдар таратылады. Мемлекеттік тілді жетік меңгерген басқа ұлт өкілдерін материалдық жағынан ынталандыру да дұрыс жолға қойылған. Содан да шығар, көптеген қазақстандықтар қазақ тілін білуді – патриоттық борышым деп санайды. Оған қоса, мемлекеттік тілді үздік меңгеру жеке бәсекеге қабілеттіліктің, кез-келген қызмет

саласындағы мансаптық өсудің факторына айналды. Десек те, мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі іс-шаралар бұдан да тереңірек және нәтижелі болуы шарт. Яғни, бізге елімізде тұратын барлық этностардың тілін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің ауқымды қолданылуын қамтамасыз ететін тілдік саясат жүргізу қажет. Ол үшін барша қазақстандықтардың мемлекеттік тілді меңгеру жүйесін құру бағытында жұмыс ұйымдастырылады. Бұл жүйе ең алдымен, мемлекеттік тілді меңгеру мен оқытудың бірыңғай стандарттарын әзірлеуді және бекітуді, содан соң оларды білім беру жүйесінің барлық деңгейіне – мектепке дейінгі мекемелерге, мектептерге, жоғары және одан кейінгі оқу жүйесіне енгізуді көздейді. Екінші жағынан, отандастарымыздың орыс тілін меңгеру деңгейін сақтап қалуына да көңіл аударуымыз керек. Өйткені, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас пен интеграциялық қызметтердің дінгегі. Ақиқатын айтсақ, ақпараттық кеңістігімізде орыс тілі әлі де маңызды рөл атқаратынына ешкім дау айта алмас. Сондай-ақ, әлемдік алты ресми тілдің қатарына кіретін орыс тілін меңгеруге бәсекеге қабілетті ұлттың кез-келген өкілі ұмтылуы тиіс. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, орыс тілін оқыту жүйесін одан әрі оқу-әдістемелік және зияткерлік тұрғыдан қамтамасыз етуіміз керек. Бұл мақсатқа жетеміз десек, қашықтықтан оқыту, электронды интерактивті оқулықтар бағдарламасын құру, ұлттық мектептерде орыс тілін оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін енгізу, оралмандарға, шетелдіктерге және халықтың басқа топтарына орыс тілін оқыту курстары мен орталықтарын ашу, халықтың орыс тілін меңгеруіне тұрақты мониторинг жүргізу сияқты іс-шаралар қолға алуымыз қажет. Ал “Үштұғырлы тіл” идеясының үшінші құрамдас бөлігі – ағылшын тілін үйрену. Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесу деген сөз. Оған қоса, ағылшынша білсең – әлемдегі ең үздік, ең беделді жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндігің мол. Тіпті, оқуыңды тәмамдаған соң, біршама уақытқа шетелде қалып, еңбек етуің үшін де бұл тамаша мүмкіндік. Ең бастысы, ағылшын тілін білу – бұл іскерлік қарым-қатынас және әлемнің кез-келген нүктесінде бизнеспен айналысу үшін міндетті талап. Қазақстандықтардың ағылшын және басқа да шет тілдерін оқып-үйренуге жәрдемдесу үшін колледждер мен жоғары оқу орындарында шет тілінің болашақ оқытушыларын оқыту жүйесі мен процесіне қойылатын талаптарды күшейту керек. Сонымен қоса, жаратылыстану мен математиканы ағылшын тілінде оқытатын оқытушыларды дайындау, шетелдермен тәжірибе алмасу, шет тілдерде сөйлейтін мамандарды тарту саласындағы ынтымақтастықты жандандыру, арнайы орта және жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларын шетелдерде тіл үйрену мен тәжірибе жинауға жіберу сияқты бірқатар іс-шараларды жүзеге асырған жөн. Жоғарыдағы мақсаттар Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында тайға таңба басқандай етіп жазылыпты. Жалпы

алғанда, тілдерді меңгерудің тиімділігін сөз еткенде біз бұл жұмыстың жүйелі түрде жетілдірілуіне батыл қадам жасағанымыз жөн. Әсіресе, инновациялық әдістерді іздеуіміз қажет. Мысалға, әрбір облыста үш тілге бірдей оқытатын мамандандырылған орталықтар ашып, оларды алдыңғы қатарлы технологиялармен қамтамасыз етсек.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен «Назарбаев орталығы» мемлекеттік мекемесі 2012 жылғы 29 қарашада «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты бірінші Назарбаев оқулары» халықаралық форумын өткізеді.

Бүгінде әлемдік саяси кеңістікте Қазақстанның өзіндік орны қалыптасқан. Республикамыз халықаралық аренаға шығып, бірқатар маңызды жобаларды ұсынуда.

Қазақстанда нарық принциптеріне негізделіп, «Назарбаев үлгісі» деген атпен танылған заманға сай табысты экономика қалыптасты. Экономикасының даму қарқыны жағынан Қазақстан жер бетіндегі ең серпінді дамып келе жатқан мемлекеттердің үштігіне енді. Ұлттық егемендігіміз бен еліміздің экономикалық қауіпсіздігін нығайтуға мүмкіндік беретін үдемелі индустрияландыру және инновацияларды басым түрде меңгеру процесі басталды.

Елімізде жаңа саяси жүйе құрылды. Табысты даму жолына түскен мықты мемлекет қалыптасты, оның жаңа елордасы – Астана қаласы заманға сай бой түзеп келеді. Барлық қазақстандықтардың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасы тұрақты түрде артуда. Еліміз әлеуметтік жаңғырту және ұлттың адами капиталын дамыту бағытын ұстанып отыр.

Қазақстанды алға жылжытудың кепілі болып саналатын төзімділіктің қазақстандық үлгісі қалыптастып, көпэтносты әрі көпконфессиялы халықтың бірлігіне қол жеткізілді. Қазақстанның осы және басқа да жетістіктері Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Оның стратегиялық таланты, көрегендігі және қойылған міндеттерді шешу кезіндегі табандылығы Қазақстанның мемлекеттілігін қалыптастырудың және оны дамытудың өзегіне айналды. Елбасының саяси ерік-жігерінің, ғылыми талдау жасап, болжам жасау қабілетінің және мақсатқа жетпей тынбайтын қасиетінің арқасында республикамыз бейбітшілік, келісім және тұрақтылық мекеніне айналды.

Н.Ә.Назарбаевтың егемен мемлекетті қалыптастыру ісіндегі табысты бастамаларын жан-жақты зерттеудің маңыздылығы ескеріле отырып, жыл сайын Назарбаев оқуларын өткізу дәстүрге айналмақ. Халықаралық форумның мақсаттары:

- Н.Ә.Назарбаевтың қызметін және тәуелсіз мемлекетті қалыптастыру мен маңызды геосаяси бастамаларды көтерудегі рөлін қазақстандық және шетелдік сарапшылардың жан-жақты зерттеп жариялауы;
- Қазақстанның одан әрі дамуына және оның әлемдік аренадағы орнын бекемдей түсуге ықпал ететін ұсынымдар әзірлеу мақсатында жаһандық зияткерлік ресурстарды

шоғырландыру.[2]

4. Қорытынды

Түптеп келгенде, Қазақстандағы үштұғырлы тіл саясаты – бұл елімізді, оның әлеуетін одан әрі нығайтуға бағытталған тұтас тұжырымдама. Іс жүзінде тілдердің үштұғырлылығы идеясы бәсекеге қабілетті Қазақстанның ұлттық идеологиясының бір болшегі болып табылады. Яғни, мемлекет әрбір қазақстандық үшін үш тілді білу – әркімнің жеке дамуының міндетті шарты екендігін әрдайым естен ұстауды қалап отыр.

[Әдебиеттер]

Назарбаев, Нұсұлтан Ә (2011) Қазақстан халықтары ассамблеясының XII сессиясы: 89. Елбасы және мемлекеттік тіл. Астана: Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы. Мемлекеттік тілді дамыту президенттік қоры.

Назарбаев, Нұсұлтан Ә (2012) «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы: 35. Астана: Ақорда. президенттік қоры.

Есенова, Қалдыгүл (2010) Ынта нәтижеге қол жеткізеді. Ана тілі журналы 14: 8-9.

Жұмабаева, Шынар (2012) Мемлекеттік тіл-барша қазақстандықтарды біріктіруші фактор. Қаражал Қаласы әкім аппаратының ақпараттық порталы:145.

(Элеонора Ибраимова / eleonora.ibraemova@mail.ru)

(Гүлмира Жанұзакова / gulmir_zhan@mail.ru)